

**"Қазагрополис" республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылығы сақтандыру кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1570

"2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 P000912\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазагрополис" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылығы сақтандыру кәсіпорны қайта құру жолымен мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен "Қазагрополис" сақтандыру қоғамы" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазагрополис" СҚ" ААҚ) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазагрополис" СҚ" ААҚ-ның жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) проспект эмиссиясын тіркегеннен соң ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру жөніндегі қызметінің бейінін сақтай отырып, коммерциялық тендерде жарғылық капиталдан 100 (жүз) пайыз мөлшерде акциялардың мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК